

«Жүз-жүз» ақын» әлдісі



Koyak
adame
Koyak
Koyak
Koyak

mit
yutman

Orwell

21.05.2009

«ӘЙ-ӘЙ» АҚЫН» ӘЛДИ

Астана - 2008

ББК 83.3 Қаз.

Ә 37

Құрастырған - БӨГІСОВА Мүнира Мауытханқызы

**Ә 37 «Әй-әй» акын» әлді» / Құраст. М.Бөгісова. - Астана,
«Сарыарқа» БҮ, 2008. - 248 б.**

ISBN 9965-536-72-4

«Әй-әй» акын» әлді» қазіргі казак айтысынын көрнекті өкілі, Қазақстанның халық акыны Қонысбай Әбілдің өнер жолы туралы баяндайды. Жинакка акынның баспасөз беттерінде әр жылдары жарияланған сұхбаттары, жазықпап хаттары, замандастарынын жүрекжарды лебіздері, сонымен қатар айтыскердің шығармашылық тұлғасын сомдайтын мақалалар топтастырылған.

Кітаптың өн бойына туган елге деген сүйіспеншілік, ұлтқа деген адалдық, тілге деген құрмет арқау болған. Жинакка енген әрбір мақаланын көтерген жүгі салмақты, тақырыбы ауқымды, тәрбиелі мәні зор.


Ә 4603020000
00(05)-08

ISBN 9965-536-72-4

ББК 83.3 Қаз.

© Бөгісова М.М., 2008

© «Сарыарқа» БҮ, 2008



АҚ СӨЙЛЕМЕУ - АҚИҚАТҚА ҚИЯНАТ...

- *сұхбаттар*
- *сұрақ-жауаптар*
- *ой бөлістер*



«ТОРҒАЙДАН ШЫҚҚАН БІР ТАЙМЫН»...

– *Сіз отыз алты жасыңызда халық ақыны атағына ие болып отырсыз. Қателеспесек, Қазақстан тарихында осы жаста бұл құрметке ие болғандар жоқ болуы керек. Биікке барар жол қалай болды?*

– Жалпы, мен есіктен енбей жатып, төрдегі жастыққа көз тіккен жан емеспін. Бұл жоғарғы құрметтің бер жағындағы атаққа ұсынылып кетер кей кездерде жасы, жолы жөнінен ілгерілерге кезгімді берген жағдайым болды. «Пенде пейілінен табады» дейді ғой, сол қағида рас болуы керек. Әйтпесе, бір Жарлықпен бір облыстан екі адам халық ақыны атағын алуы да тарихта кездесе қойды ма екен?

Ал енді жол жөніне келелік. Халқымыз «бір жол бар жақын, жақын болса да алыс» дейді. Былайша, қарақшыға тез келгендей болып көрінгенмен, осы уақыт ішінде қаншама тер төгілді, қаншама денсаулық кетті десеңізші. Қашанда өзіне биік талап қоятын адамның жолы ауыр болатынын жасырмаймын. Қазір оңай тұсынан орағытып өтуге тырысушылар көп. Арзан, бұралқы сөзге көп бару, әннің күшімен алу, жүгіріп жүріп айту, арқаны қиқандату, аяқты тепкілеу – осының бәрі де сол бағыттағы «ізденістер». Кейде көпшіліктің соларға алданып жатқанын көргенде шындап қиналған кезім де болды. Енді еңбек жанды, қиындықтардың бәрі ұмыт...

– *Келесі дәстүрлі сұрақ: бойдағы қабілеттің қайнар көзі қайдан дер едіңіз?*

– Кейде алғаш айтысқа шыққандардың өзі «бұл маған қонған дүние» деп жар салып жатады. Мен домбыраны бес жасымда тарттым. Алғаш өлеңді он екі жасымнан бастап жаза бастадым. Күйшілік,

әншілік нағашыларымызда болған екен, өз әкем Іскендір де қара жаяу емес болатын. Ал Әбіл атамыз от ауызды, орақ тілді кісі болған деседі, артында біраз сөз қалған.

Бір қарияның: «Баяғының алтыны қып-қызыл болушы еді, қазіргінің алтыны да су қосылған сыра секілді» деп күйініп айтқанын естіп едім. Сол секілді бабалар бойындағы қандай қасиет те ұрпақтан-ұрпаққа ауысқан сайын бояуын жоғалта бермек. Сондықтан да, бойдағы азғана қабілет оны дамытқанда ғана, тынымсыз тер төккенде ғана кеңге қанат жаймақ. Осы орайда былтырғы шығармашылық кешімде айтқан:

Кісілігім тартса болды әкеме,

Ал ақындық басқа қонған бақ шығар, – деген жыр жолдарын қайталағым келеді.

– Сіздің айтысыңыз түгілі, кей жерлерде айтқан арнау өлеңдеріңізде де Нұрханның есімін аузыңызға алмаған кезіңіз жоқ болар?

– Бұл енді түсіндіріп айтуға қиын құбылыс. Егер «Нұрханды пір тұтамын, соның жолына түсемін» – деп ойласам, бала да болсам көзі тірісінде қолын қысып қалар едім. Бір ғажабы, алғаш айтысқа шығардан бастап Нұрекең түнде түсімнен, күндіз есімнен кетпей қойды. Қиналған сәтімде Нұрекеңнің аруағына мұң шағып, сырласуымның нәтижесінде «Нұрханды сағыну» атты толғауым туды.

Болат Хамзин ағамыз мынадай бір әңгіме айтты. Мен атақ алды деген хабарды естігенде мұғалім болып істейтін Торғайдағы Мәкембай деген ағай: «Ақыр сөзінде тұрды, ә?» «Нұрхандай болсам жетеді» деуші еді, уәдесінен шықты, ә?» – деп қуаныштан қайталай берген екен. Талай жылы сөз естіп жатырмын ғой, мен үшін осы бағаның беделі биік. Сосын, әлгі бір өлеңімде «Торғайдан шыққан бір таймын, жалғаған жырын Нұрханның...», деуім де осыны меңзейді.

– Айтыс атты ұлы сапарда тізгін қағыстырған ақындарға тоқтала кетсеңіз?

– Осындай сұрақ қойылғанда қарсыласын бір-бір ұрып сұлатқандай болып жауап беретін бауырларыма қарным ашады. Өнер жолында менің қарсыластар жөнінен бағым жанды деп мақтаныш ете аламын. Көкен, Көпбай, Әселхан, Әсия, Ерік, өзбекстандық Мекембай, моңғолдық Токтамұрат... Осылардың әрқайсысы айтыстағы бір-бір тұлға емес пе? Кейбір ақындар айтыстарда мықты қарсыластан қашқақтап «тіске жұмсақтарын» іздейтіні бар. Бұл меніңше дұрыс емес, қарсыласың күшті болғаннан ешқашан да ұтылмайсың. Айтысың жоғары дәрежеде өтеді.

Менің бір қуанатыным, осы ақындар алдында да, олардың ел-жұрты алдында да қашан да бетім ашық. Өйткені не өздеріне, не топыраққа негізсіз тіл тигізгенім жоқ. Кейбіреулер мен Әселханмен айтысқанда денесіне, Ерікпен қағысқанда домбырасына тиіседі деп күтті. Ал мен ол жаққа барғаным жоқ. Қарсыластың қабағын қанатып, ұрыстан шығарып жіберіп, қолын көтерткен боксшыны таза жеңіске жетті деп есептемеймін. Айтыста да сол секілді.

– *Мұндай ауытқушылық көбіне әділ қазылардың торелік жасай білуіне де қатысты ғой.*

– Әрине. «Әлі бір әділ жюри көргенім жоқ, көп бұрмай аз бұрса да тәубе деймін», – деп Ерік інім айтпақшы, қазылар жөніндегі даудың таяу маңайда шешілер түрі жоқ. Мені олардың жақсы ақындарға кем ұпай көтеретіні қиналтпайды, өмір алда ғой бағасын ала жатар. Мені арзан, қаратокпақ ақындарға артық ұпай көтеретіндері шошытады. Ең жоғары он ұпай деген жақсы ақын үшін де үлкен арман болуға тиіс. Ал біздің жомарт жюриіміз жоғары ұпайды кейде тәтті үлестіргендей үлестіреді.

Сосын тағы айта кетер бір жай бар. Екінші орын он болуы мүмкін. Ал бірінші орын деген қашанда біреу-ақ. Қазір екі бірінші орын, үш бірінші орын дегендерді жиі естіп жүрміз. Сондықтан да бірінші орын алғандардың бәрі бірінші сорт та, екінші

орын алғандар екінші сорт екен деп қабылдауға болмайды.

– *Кейде корермендер жерлестікке салып қол соғады десіп жатады ғой...*

– Ғажап емес. Мысалы, Алматыда: «Былырғы ақ боз аттың иегері Жадыра Құтжанова!» - деп хабарласа да қол соғады. Ал «Әзімбек Жанқұлиев!» - деп хабарласа қол шапалақтаудан төбедегі люстраның үзіліп кетуі ықтимал.

Ал ол үшін өкпелеуге болмайды. Бәйгеге түскен өз жүйрігінің тілеуін тілемейтін жанкүйер жоқ. Мықты болсаң солардың бәрін сөз құдіретімен өз жағыңа шығарып ал. Кейбір ағайындарымыз қиналмай сылдырлатып төге салған өлеңіне жұрт қол соқпайды деп өкпе айтып жатады. Меніңше жақсы ақын әрбір шумағына бір-бір шегеден қағып отыруы керек. Ал халық, шүкіршілік, сөз таниды.

Мен кешегі Ташкент сапарында бір нәрсеге таңғалдым. Үлкен топқа салып, тұсауын кестірейін деп Гүлнәр Қалқаеваны ертіп апарғанмын. Оның өнеріне риза болған көпшілік:

– Осындай шәкірт тәрбиелегеніңіз үшін, – деп, бір гүлді Гүлнәрға берсе, екі гүлді маған сыйлап отырды.

– *Ойда жоқта Ташкент сапары жайлы сөз шығып кетті. Енді осы сапардан алған әсеріңіз жайлы айта кетсеңіз.*

– Ол өзі жеке мақалаға арқау болғандай. Өйткені алған әсерім өте көп. Маған өзбек халқының тіліне, дініне, салт-дәстүріне деген адалдығы қатты әсер етті. Облыстық атқару комитеті төрағасы орынбасарының ұлттық патсайы көйлек киюі, қалалық партия комитеті хатшысының әкесінің қазасына байланысты бес ай бойы қара жамылып жүруі осының айғағы.

Төле бидің, Базар бабамыздың мазарларының басына тағзым еттік. Базар бабаның немересімен төс қағыстырып, келінінің қолынан шай іштік. Базар атамыздың ақтық демі үзілген жерде киіз үй тігіп қойған екен. Мүрдесін алып жүргенде түйенің

бұйдасын ұстаған бір кісі біз барардан бір-ақ ай бұрын қайтыс болыпты.

Жолай кездескен Бұхара облысы аудандарының барлығы да ән-күймен, бимен қарсы алды. Тамды ауданы қаймағы бұзылмаған қазақы ел екен. Бір үйде галстугім қалып қойып, адам жіберіп едім, қайшымен қиып-қиып бөлісіп алыпты. Біз бұндай ырымды ұмытқалы қашан...

– *Ташкент қаласына, Тамдыға теңеу тауып айтқаныңызға біз сенімдіміз.*

– Өз айтысымнан өзім үзінді айтқанды жарата бермеуші едім. Бірақ бұлар жайлы халық әлі естіген жоқ қой, амал не...

Көп жерге тіреп жүрміз ат басын-ай,
Белгілі сенен артық таппасым-ай.
Кеп тұрмын Жібек жолы тарамданған,
Шығыстың алтындалған қақпасына-ай.

Бұл – Ташкент туралы. Тамдыға барғанда:

Жүйріктер бауыр жазып жосымақ па,
Баян бер деп тілейін осы баққа.
Еңкейіп бас иіп ем, ернім тиді,
Бабамның ізі қалған топыраққа, –

дегенім есімде.

– *«Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ» деген, дәл қазіргідей жариялылық күш алмай тұрған кезде де батыл айтқан сөздеріңіз болды ма? Мысалы: тіл туралы, жер, су аттары, Торғай облысы жайлы...*

– 1984 жылы Кенен атаның жүз жылдық тойында Ыбырай атындағы қазақ мектебі жайлы Әсияға айтқан:

Халқы бар жүз сексен мың Қостанайдан,
Оқиды он-ақ үйдің балалары, – деген сөздер теледидардан берілгенде қиылып қалып еді, кейін әйтеуір кітапқа кіріпті. Сол секілді Көкен ағамен айтыстағы:

Кокчетав, Айыртав пен Сандықтавқа.

Өз атын құдай үшін қайтарындар, – деген сөздер алғашқы берілгендерде бар да, кейін қайталағанда тағы қиылып қалыпты.

Торғай облысын тарату туралы Жарлық 1988 жылдың екінші маусымында шықса, дәл сол күні мен Қарағандыда Айгүл Түсіпбекова деген ақын қызбен айтысып отырғанмын. «Аға, енді қай облыстың атынан айтысып отырсыз?» – деген қарындасыма:

Қонысбай қарызға сөз сұраған ба-ай,
Бүгінше сынамашы бұл ағанды-ай.
Торғайым тарап кетіп, арқа сүйер,
Болып тұр асқар тауым құлағандай.

Нұрханның отты жырын сүйеу көрдім,
Есімін Амангелді тіреу көрдім,
Халыққа оңай тиіп жатқан жоқ-ау,
Қатесі бір кездегі біреулердің.

Ойласаң жүрек кетер мұздай болып,
Табаннан өткен ызғар сыздай болып,
Қостанай қолтығына қайта кірдік,
Тұрмыстан қайтып келген қыздай болып,

деп ашына айтып едім. Бұл айтыс теледидарға түсірілген жоқ. Үзінді келтіріп жатқаным сондықтан.

– *Кешегі астанадағы Наурыз айтысында облыстың бұрынғы басшысы атына да пікір айтқан секілді едіңіз?*

– Айтылса барлығы да күйзеліп қалған елдің жайын ойлағаннан шығып жатыр. Әйтпесе, ол кісімен ешқандай бас араздығым жоқ.

Жеріген үйірінен тұлпар оңбас,
Саңғыған тұғырына сұңқар оңбас.
Жақсы да, жақсылық та жалпыға ортақ,
Шен үшін елін сатқан сұлтан оңбас.

Бұл – Қонысбайдың айтысынан үзінді емес, бұл қазақтың қара өлеңі. Жалпы осы өлең жолдарын әрбір басшы Аязбидің шапанындай етіп, босағаға іліп қойса, артықтық етпес еді-ау...

– *Ал енді композиторлықтың, жазушылықтың жағдайы қалай болып жатыр?*

– Мен әнді жоспармен жазбаймын, толғағы жеткен кезінде өзі-ақ туады. Сондықтан оған айтыстың зияны жоқ. Көп жағдайда айтысқа пайдаланатын мақамдарды да өзім шығарып жүрмін. Сатиралық дүниелерімнің басын қосып, биыл «Өнер» баспасынан шығарып жатырмын. Ал көркем проза жөнінен ұяттымын. «Көршілерден» кейін қол үзіп кеткенім рас, нансаңыз уақыт жоқ...

– *Ал жыр жинағы ше?*

– Өлеңдерімді баспаға әзірлеу үстіндемін. Лирикалар, толғау-термелер, айтыстар болып амандық болса үш бөлімнен тұрмақшы.

– *Айтыскер ақындарға қажет ең басты қасиет деп нені айтар едіңіз?*

– Мәдениеттілік. Жыр сайысы кезінде қарсыласын жөнсіз ысырап қылмау. Менің Керекуде:

Жазықсыз біреуге тіл тигізгеннен,

Өзім сөз естігенді артық көрем, – дегенім бар. Бұл менің имандай шыным. Ақындық берік позициям.

– *Айтыскерлер үшін ең қажетсіз қасиет не?*

– Сөзге тоқтамау. Ұсталған жерін мойындай білмеу. Бізге айтысты үзіп тастап, сөзден жеңілгенде орнынан тұрғызып жіберетін тура би керек. Бұл өзі әрі сабақ, әрі тәрбие болар еді. Оны айтасыз, біздің жас ақындар соңғы шумақты кім айтса, сол жеңеді деп түсінеді. Айтыстың аяғында сахнадан кетпей отырып алатындықтары да сондықтан.

– *Қазіргі айтыстардың ұйымдастырылуындағы жетістігі мен кемшіліктері қандай?*

– Халықаралық айтыстарды өткізу шет елде жүрген бауырларымыздың да басын қосуға септігін тигізуде. Бұл, әрине, жетістік жағы. Ал енді

кейбір жетпей жатқан жағын айтатын болсақ, не нәрсенің де аз болғаны жақсы. Сондықтан, айтыс өткізуде санды емес, сапаны ойлайтын мезгіл келді. Сөз сайысының тым жиілеп кетіп, ай сайын айтыс өткізілуі оның беделін көтермесе керек. Меніңше, жер жағдайына байланысты Арқа мен Жетісуда жылына екі мәрте үлкен айтыс өткізіліп, оның жеңімпаздары астанада бас қосулары қажет. Сонда ғана жүзден озған жүйріктер суырылып шықпақ.

– *«Шәкіртсіз ұстаз тұл» деген...*

– Жадыраны жөргегінен алып тәрбиеледім деуіме болады. Қазір, шүкір, өзі де шәкірт ертер жағдайда. Енді Гүлнәрді баулып жүрмін. Өлең табиғатын жақсы біледі, бойында нәзіктік те, өткірлік те бар. Алғыр... Көп көмекті қажет етпейді, тек бағыт-бағдар берсең жетіп жатыр. Өзі естіп қалмасын, тіл-ауызым тасқа...

Ташкент сапарында өткен Наурыз айтысында талдықорғандық жас ақын Жандарбек Бегімбетов деген жігіт бата сұрады. Өзі маған қатты еліктейді екен. Оларға не айтайын. Қиналған шағымды бермесін, бағымды берсін...

Ахметжан БАЙЖАНОВ,
«Қостанай таңы», 1990 жс.



ҚОНЫСБАЙ ӘБІЛ: «ӘРКІМНІҢ ӨЗІНДІК БЕТІ БОЛҒАНҒА НЕ ЖЕТСІН...»

Студент кезімде саяси-сатиралық «Ара» журналынан 8 сынып оқушысының сықағын оқыдым. Тілі тотияй-ын. Күлкісі табиғи. Кекілді суретімен таныстырыпты. Ол кезде «Араға» шығу арман ғой. Қатты қызықтым. «Ойпырмай, мына баланың пәлесін-ай!» деп ойладым. Аты-жөні – Қоныс Іскендіров.

Сол кездегі дәстүр бойынша бірінші курстың студенттерімен кездестік. Біз бесінші курстың мүйізі қарағайдай жігіттеріміз. Олар ше? «Қызылшақа балапан сияқты» деп аялап, аяп қараймыз. Жо-жоқ, сойтсек олай емес екен. Шетінен «сен тұр, мен атайын» – ағып тұр. Ауыздықпен алысқан аргымақтай, тыпыршып бір орында тұрмайды. «Түртіп қалсаң түгінен май шығады» дегендей, кілең оперназ. Құдай-ау, кездесуді басқарып жүрген Жәнібек Кәрменовтің өзі неге тұрады! Әнші! Шешен! Ділмар! Инабат! Иба! Бәріп бір өзіне үйін-төгіп бере салған. «Осы жігітке оқудың не керегі бар. Диплом бере салса да болады ғой!» деп түйдім. Оқушы кезінен ақын боп танылған Ұлықбек ше? Дидрахмет Әшімханов! Нүртілеу ше? Ол кезде Мысықов еді, қазір Иманғалиұлы.

Бір шамада гитара асынған жігітті Қонысбай Әбілов деп таныстырды. «Ей, мынау баяғы «Арадағы» Қонысбай емес пе?» – деп жсыға танымадым. Дәл өзі – сол екен. Тек фамилиясын ауыстырыпты. Қалғаны сол күйі. Таныстық. Мәре-сәре болдық. Сол кекілді бала да мінеки, елу жасқа кеп қапты-ау. Ой, зымыраған заман-ай! Сұхбат жүргізгім келді. Оның ішінде не бар екенін мен білем, сен білесің. Былайғы жүрт ше? Халық ақыны деп таниды. Бір жігітке ол да аз несібе ме? Әйтсе де, ішіне үңілейікші...

– Ал, Қонысбай бауырым, «Өткен күннен алыс жоқ, ертеңгі күннен жақын жоқ». Студенттік шақтарың

туралы «Жетпіс жетінің жетіттері» деп арнайы кітапта жаздың. Білеміз. Бірақ оқуға түсу де хикая ғой. Қалай түстің? Ұстазымыз Оспанхан «Түсетіндер қыста түседі, тапсыратындар жазда тапсырады» деуші еді. Сен өзі «қыста» түскен жоқсың ба? Шынықты айтышы...

– Біз мектепті бітірісімен Ұлықбек, Гүлсім Мұқышева бәріміз сол жылы ҚазМУ-дің журналистикасына тапсырдық.

Конкурстан құлап қалып, жыларман болып тұрғанымызда жанымызға Кеңшілік Мырзабеков марқұм келді.

– Бір істермен кешігіңкіреп қалдым, не болдыңдар? – деді көзімен жер шұқып тұрған бізге.

Не болғанын естіген соң:

– Ой, баламысың деген, соған да қайғырып тұрсыңдар ма? Жалпы шын таланттың жолы ауыр болады. Талантсыз, дарынсыз немелер қашан да біреуді біреуге салып, өтпес жерден өтіп, ұялмағандықтан бұйырмағанды алып кетеді. Сондықтан сендердің түсе алмағандарың нағыз талантты екендіктеріңнің белгісі! – дегенде біз шынымен көңілденіп, Құдай сақтап, бірінші жылы оқуға түсіп кетпегенімізге шын қуандық.

Әлгі өздеріңмен кездесу жасайтын 1972 жылы екінші рет келуіміз еді. Конкурс кезінде тағы да таластар туып, Ұлықбек, Гүлсім үшеумізді комиссияға шақырды.

Маған:

– Қандай өнерің бар? – деп еді.

– Музыкалық аспаптарда ойнаймын, – дедім.

– Қандай аспапта? – деген сұраққа:

– Любой! – деп жауап беріппін ғой.

Гүлсім болса:

– Бишімін, – деп шықты.

Ұлықбек:

– Мен бокс секциясына қатысамын, – деп еді, деканымыз Қожакеев:

– Есдәулетов деген боксерді естігем жоқ! – деп қырсығыпты.

Сөйтіп, үшеуміз де студент атандық. Бірінші курста мен ансамбль ұйымдастырып, өнерпаздар тандағанда Гүлсімді шақырмаймын ба. Сөйтсем:

– Мен билей алмаймын! – деп қарап тұр.

– Ау, ана жолы комиссияда айтқаның қайда? – десем:

– Адам оқуға түсу үшін не демейді, – деп күледі.

Ал Кеңшілік марқұм айтқандай, оқуға бірінші жылы түсіп кетпегеннің арқасында бұл күндері есімі елге танымал игі азаматтармен бірге оқып, бірге жүргеніме қуанам.

Бір сөзді бір сөз түртеді, жарықтық Темірбек ағаның зердесі керемет еді ғой. Баяғыда Наполеон барлық солдаттарының аты-жөнін жатқа айтқан екен деген сөз бар. Ол кісі де сол сияқты еді.

Рахымжан деген курстасымыз ең алғашқы лекциядан қашып кетіп, енді жолдасы Жанұзақтың шыққанын тосып отырады ғой. Сол сәтте сарт етіп Қожакеев келе қалады.

– Әй, сен неғып отырсың? – дейді оған.

– Ағай, мен СХИ-да оқушы едім. Осында оқитын бір досымды күтіп отырмын, – депті Рахымжан.

Кешегі толып жатқан абитуриенттен кімді есіне сақтайды деп ойлаған ғой. Сөйтсе Темкең:

– Әй, Өтемісов, сен таңертең деканатқа кел, мен сені СХИ-ға ауыстыра қояйын, – депті.

Қайсыбірін айтасың, көп қой. Кейде шаршағанда соларды ойлап, өзімнен-өзім күліп алам.

– *Жаугершілік заманда «қас дұшпанға қай жолмен жүріп, қанша қолмен барамыз?» дегенде, Қарасай бабамыз: «Қазақтың даласының бәрі жол емес пе, қазақтың баласының бәрі қол емес пе!» депті. Расында да солай. Академик Қаныш Сәтпаев туған бір Баянауылдың өзінен жүзден астам ғылым докторы шыққан. Торғай өңірінен ше? Оһо-о-о, Амангелді Иманов пен Әліби Жангелдин секілді батырларды айтпағанда, ақын-жазушыларының өзі қаншама!*

Ахаң мен Жақаң, Нұрхан мен Ахметқан, Сырбай мен Ғафу, Төлеп мен Қойшығара, Қайнекей мен Кеңшілік,

Сейіт пен Қоғабай, Серікбай мен Серік, Марат пен өзің?.. Осының бәрі бір-ақ ауданнан шыққан қаламгерлер. Торғай топырағы топтап туғызған сықақшылардың өзі бір төбе. Жаныңа жасын жанр зой, сықақшылар жөнінде сыр шертсең...

– Торғай сықақшыларының басында «Оспанханның Арқалықтағы інісі» Сейіт Кенжеахметов тұр. Әуелдегіде Қойшығара Салғарин ағамыз да сатиралық өлеңдерімен жарқ ете қалды. Марат Нұрқалиев пен Жұматай Сабыржановтардың да орны бөлек еді. Сағындық Мырқалиев пен Сапар Әбілқәкімовтер де ауылдың айтқыштары. Мен қазақтың бір-ақ мақалын толық түсінбеймін. «Өлі ырза болмай, тірі байымайды», – дейді.

Әруақтар мен байлықтың арасында қандай байланыс барлығына таңмын. Сол кеппен айтсаң, Марат марқұм нағыз сегіз қырлы, бір сырлы еді. Ол ақын, композитор, әнші, музыкант, суретші болатын.

Екеуміз де өлеңді мектеп қабырғасында жүргенде жаздық. Бір күні аудандық газетте Мараттың:

Әукең тағы да ішіп келеді,

Екі жұдырығы қышып келеді, – деп басталатын өлеңі жарық көрді.

Ауылда есімі осыған ұқсас, «мұрны қызарыңқырап» жүретін кісі бар еді.

Сол Маратты ұстап алып:

– Әй, інім, енді мен туралы газетке жазба, – деп он сомдық ұстатыпты. Он сом деген ол кезде қыруар ақша...

Жұматайдың тілі өткір, бірден бетке айтатын. Бірде сол кездегі облыстық газеттің редакторы іссапары туралы айтып отырып:

– Жол өте нашар екен, аварияға түсіп қала жаздадық, – депті. Сонда Жұматай жұлып алғандай:

– Апырмай, ондай қауіпті сапар болатын болса, өзіңіз тәуекел етпей, орынбасарларыңыздың біреуін жібермедіңіз бе? – дейді.

Өзің айтқандай Торғай топырағы талай тарланды тудырған. Ғафаң айтатын: «Торғай топырағының қасиетін зерттеу үшін химиялық анализ жасау керек» – деп. Өлгінде айтылған алыптармен бірге бұл жерде Егізбайдың Айсасы да туған.

– *Әлгі Судырахмет Айсә гой...*

– Оның майы тамған өтірікшілігімен бірге «ақындығы» да бір төбе. Сосын Айсекең қазақтың тарихында екі жол өлеңмен бет ашқан жалғыз ақын.

Ей, қарағым, кеше ғана қыз едің,

Енді бүгін келін болдың, бетінді аша бер! – деп бір-ақ қайырған.

Мен осы орайда бір әңгіме айтайын. Торғайда жинақ банкісінің бастығы болып істеген Жұмағали Хасанов деген кісімен көрші тұрдым. Әңгімешіл, шежіре, көшелі кісі еді. Сол кісі бірде:

– Қонысбай, сен Сейіт екеуің Айсаны өтірікші деп жеңілдете бермендер. Оны адамгершілік қасиеті үшін халық қатты құрметтеген, – деп бір мысал айтты.

«Егізбайдың Айсасы Қостанайдан бір цистерна спирт алып шығып, жолай тегін үлестіріп келе жатыр екен!» деген хабар бұрқ ете қалыпты.

Соны анықтау үшін Торғайға кіреберіс жолда бірнеше милиция күтіп алыпты. Тексерсе, айтылған сөз рас, цистерна бос.

Сонда Айсекеңе екі күнге мұрсат беріліпті. Сол уақытта жұмсалған спирттің ақшасын жинап бермесе, ісі сотқа кетеді.

«Мен банкінің бастығы едім, – дейді Жұмағали аға. – Екі күн бойы банктің алды мавзолейдің ширетіндей болды. Танитын да, танымайтын да «Айсекеңнің есебіне» деп ақша аударып жатты. Халық мерзімінен бұрын артығымен жинап берді». Айсекең әпенді болса, елге қадірі болмаса, көпшілік соны істер ме еді...

– *Ал енді аттың басын айтыс жаққа бұрсақ қайтеді. Жалпы, бұл ақберен жанр қазаққа ғана тән. Ал осы өмірге айтыс бірінші келді ме, домбыра келді ме?*

– Бұл енді «жұмыртқа үлкен бе, тауық үлкен бе?» деген даудан кем емес мәселе.

Өйткені баяғыда билердің айтқан төрелігі, шешендердің сөздері де сөзден сүрінбей, уәжден жеңілмеуге құрылған айтыстың бір түрі. Олар да сөйлегенде тақпақтап, төкпелеп, өлеңдетіп сөйлеген. Сондықтан мәселе олардың қайсысының бірінші шыққанында емес, мәселе сол домбыра мен айтыстың екеуінің де тек қазаққа ғана тән екендігінде.

– *Жағырапияда «Теңіз деңгейі» деген тіркес бар. Тауларды немесе қыраттарды «Теңіз деңгейінен пәленбай метр биік» деп жатады. Немесе ойпаттарды «Теңіз деңгейінен пәленбай метр төменде» деп түсіндіреді. Егер айтыс өнерін теңіз деңгейіне теңесең, онда оның биігі қайсы, ойпаты қайсы? Қазіргі айтыс қай деңгейде?*

– Сөз жоқ, қазір айтыс өзінің даму кезеңінде тұр. Алайда, мен сексенінші жылдардағы айтыстың деңгейі төмен деген пікірмен келіспеймін.

Біріншіден, сексенінші жылы біз айтысқа келгенде осы бір ұмыт болуға айналған жанрдың үйренерлік үлгілері де аз болды. Соғыс кезінде немесе соғыстан кейінгі айтыстардың нұсқалары негізінен колхоз, совхоздардың жетістік, кемшілігіне құрылған. Ол заңды да. Сонымен айтыс тоқырады.

Менің қатарым алғашқы айтысты тірілтіп қана қоймай, оның деңгейін де соншалықты көтеріп жіберді. Жүздің ішінен жаңылмай, мыңның ішінен адаспай танып алатын өзіндік сөз саптасы, өзіндік мақамдары бар Әселхан, Әсияны алыңыз немесе Қатимолда, Айтақындарды біреумен шатастыру мүмкін бе? Қазіргі айтыскерлерді қарасақ барлық қыздар бір үнмен, барлық ұлдар бір-ақ мақаммен айтатын секілді.

Біздің кезімізде айтыстың беделі деген керемет болды. Айтыс болатын күні ауылдарда үйлену тойларын кейінге қалдыруға тура келгендігі туралы газеттер жазып жатты.

Сол айтыстарда айтылған өткір шумақтарды халық жатқа айтып жүрді. Қазір тындап отырсақ, бәрі жақсы секілді. Айтыс біткен соң ойлап отырсақ, есінде сақталып қалар ойлы шумақтар сирек.

Сосын біздің кезімізде айтыс қоғамдық пікір туғызып, айтылған сыннан қорытынды шығарып жататын.

Оңтүстік Қазақстанда ұйымдастырылған ақындар экспедициясында Қожа Ахмет Йассауидің тайқазанын қайта әкелу туралы мәселе көтерген Әселхан екеуміз едік. Ермактың ескерткішін құлатқан да, астананы Арқаға көшіру жайын алғашқылардың бірі болып көтерген де біз болатынбыз.

Бытыр «Жас Алаш» жазды. Қонысбай мен Әсиялар айтыста бір айтқан сөзін екі рет қайталамайтын еді деп. Қазір кейбір жас ақындар сөз арасына тыңнан екі-үш шумақ қыстырып жіберіп, фонограммамен айтысатындай жағдайға жетті.

– Халыққа сені кеңінен танытқан Кокен Шәкеевпен, Әсия Беркеновамен, Әселхан Қалыбековалармен, Шынболат Ділдабаевпен, Ерік Асқаровпен, Қатимолда Бердіғалиевпен айтыстарың, әрине.

Сосын 1990 жылы Ташкент қаласында Балқы Базардың 150 жылдығына арналған Өзбекстан мен Қазақстан ақындарының айтысында бас бәйгеге ие болдың. Сұлтанмахмұт Торайғыров, Бейімбет Майлиндердің 100 жылдығына арналған бәйгелерде де топ жардың. Ауыз толтырып айтар жетістігің – 1990 жылғы III республикалық ақындар айтысында жеңімпаз атануың. Әйтсе де, сүрінбейтін тұяқ жоқ қой. «Қорқамын кейінгі жас балалардан» деп Абай атам айтқандай, кейіннен келген ақындармен айтыста жеңіле бастадың. Оның себебін өзіңнен көресің бе, әлде сыныққа сылтау іздейсің бе?

– Баяғыда Сырым Датұлынан: «Сіздің, сірә, сөзден жеңілген кезіңіз болды ма?» – деп сұрапты.

Сонда Сырым: «Неге жеңілмейін. Сөз қадірін білмейтін, аталы сөзді құлағына ілмейтін арсыздардан күнде жеңілем» – деген екен.

1988 жылы Қарағанды қаласында Айгүл Түсіпбековамен айтысып отырмын. Бір кезде ақын қарындасым:

– Аға, сіз қай облыс атынан айтысып отырсыз?
– деп сұрады.

«Торғайдың тарағаны туралы жарлық шығып кеткен екен ғой» деген ой санамда найзағайдай жарқ ете қалды. Сонда өзегім өртеніп отырып:

Қонысбай қарызға сөз сұраған ба-ай,
Дәл бүгін сынамашы бұл ағанды-ай.
Торғайым тарап кетіп, арқа сүйер,
Болып тұр асқар тауым құлағандай.

Нұрханның отты жырын сүйеу көрдім,
Есімін Амангелді тіреу көрдім.
Халыққа оңай тиіп жатқан жоқ-ау,
Қатесі бір кездегі біреулердің.

Ойласаң жүрек кетер мұздай болып,
Табаннан өткен ызғар сыздай болып.
Қостанай қолтығына қайта кірдік,
Тұрмыстан қайтып келген қыздай болып, –

деп жырлағанымда, халық алақан ұрып отырып алды. Айгүл домбырасын қақса, көпшілік одан сайын қол соғады. Осы хал созылып бара жатқанын сезген қазылар алқасының төрағасы Жайық Бектұров марқұм, микрофонды ала салып:

– Қонысжан, еңсең түспесін. Ақтабан шұбырындыны көрген қазақ, отыз екінің аштығын, отыз жетінің нәубетін, қырық бірдің қырғынын көрген қазақ, соның бәрінен аман қалған, бұл да Торғайдың басына келген ала қайғы шығар, артының қайырын берсін! Сондықтан елдің амандығын, іргенің бүтіндігін тілейік. Ал, халайық, осыменен айтыс аяқталды, – деп еді.

Шіркін-ай, әр айтысқа бір-бір Жайық керек-ау...

1989 жылы Алматы қаласында наурыз мейрамына арналған үлкен айтыс өтті. Бірінші күні атыраулық Жәниба Қарасаевамен айтыстым. Екінші күні оралдық Дариға Мүштаевамен жұптады. Домбырам күйінде, өзім бабымда болып, басымдылық танытып келе жатқанмын, дәл қоштасар сәтте:

– Осымен сау болып тұр, Жәнибажан! – деп-пін.

Аңғармай қалғандығым ғой, жұрттың неге күліп жатқанын басында түсіне алмай отырдым. «Қай жерден сүрінеді» – деп мысықтілеумен отырған қазылар алқасы қуана-қуана құлатып жіберді.

Қашанда басқа пәле тілден шығар,
Халық та сол себепті күлген шығар.
«Қаттылау кеттім бе?» деп Жәнибаға,
Есімнен шығара алмай жүргем шығар, –

деп жүргенім сонда ғой.

Обалы нешік жатқан жері жарық болғыр Рза Қунақова апам: «Қонысбайды бір қыздың атын шатыстырдың деп құлатып жібергеніміз әділдікке жата ма?» – деп кейін «Қазақ әдебиетіне» жазды да.

– *Жалпы, қазіргі уақыттағы түсінік бойынша жеңген ақын деген кім, жеңілген ақын деген кім?*

– Қазылардан көп ұпай алған ақын жеңген, аз ұпай алғаны жеңілген болып саналады. Баға беретіндер: «Ауылдастың тайы озсын» деп отырғанда бұл жерден туралық іздеу орынсыз. Ақын домбырасын қаға бастағанда, аузын ашпаса да топырлатып ұпай бере бастайтын «Жекпе-жекке» де күдік көбейді.

Жеңген ақын қандай уәжбен, қандай сөзден ұстап жеңді. Соны талдап айтып барып, жеңімпаздың қолын көтеру керек. Әйтпесе, соңғы сөзді кім айтса, сол жеңеді деп түсінетін қазіргі ақындардың сахнадан кетпей отырып алуы әділ төреліктің жоқтығынан.

Мен мәдениеттілігімнен, қарсыласымды жер қылып жіберер ауыр сөз айтпағанымнан сан рет жеңілдім.

Бірақ тілекшілерім ол үшін менен теріс айналып кеткен жоқ. Менің сол қасиетімді бағалады. Мен ұпайдан ұтылып келсем де, абыройым аласарған жоқ.

– *Айтысқа шықпай кетуіңе не себепші болды? Жамбыл, Кенендер жасы тоқсанға тақағанда да қолынан домбырасын тастамаған ғой. Алдағы уақытта арқа қызып, додаға кіріп кетер ойың жоқ па?*

– Бұрын талай айтқанмын, айтыстан таусылғандықтан, сарқылғандықтан кеткем жоқ. Аяқтан шалу көбейіп, тауым шағыла бастаған соң тізгін тарттым. Екінші жағынан өрттей боп қаулап өсіп келе жатқан жастармен жағаласып, көзтүрткі болғым да келмеді.

Ал енді тағы шығам ба, шықпаймын ба дегенге келсек, жасыратыны жоқ кейде арқа қозып, бәйгені аңсайтыным рас. Сахнаны, қоғадай жапырылар халықты сағынасың.

Бірақ ешкімнің көңіліне келмесін, қазіргі айтыс «кімнің тарысы піссе, соның тауығы болып кеткені» жасырын емес.

Енді 20-30 жылдан кейін ұрпақтан: «Айтыс деген не?» деп сұраса: «Қалталылардың қызылотауы» – деп жауап беруі ғажап емес...

– *Өзің жоғары атаққа 36 жасыңда ие болған ең жас халық ақынысың. Осы хабарды әріптестерің қалай қарсы алды?*

– *Өз басың біреудің табысына қалай қарайсың, бір сөзбен айтқанда «қызғаныштың қызыл иті» ішіңді тырналай ма?*

– Бұл өзі адам сенбейтін оқиға. 1990 жылы теледидардан Жүрсін Ерманов пен Мырзатай Жолдасбековтың сұхбаты берілді.

Жүрсін:

– Айтысты өркендетуге үлес қосып жүрген Қонысбай, Әсия, Әселхандарға атақ беру мәселесіне қалай қарайсыз? – деп сұрады.

Мырзекең: «Бұл ойлануға тұратын пікір» деп бағалады.

Ертесіне Жүрсінге телефон шалдым:

– Жүке, ниетіңізге рахмет, атақ алмасам да сөзіңе разымын, – дедім.

Жүрсін:

– Қонысбай, бұл жай айтыла салған сөз емес, шын әңгіме болып жатыр, шешіліп қалуы да ғажап емес. Сондықтан құжаттарыңды әзірлей бер, – деді.

Мен:

– Жоқ, Жүке, қазір облысым да жоқ. Торғайым тарап кетті. Бір Қостанайдан екі адамға қатар бермес, көңіліңізге рахмет! Мен құжат әзірлемеймін, – дедім.

Келесі күні Мырзатай Жолдасбеков ағамыз айтыс сахнасынан үш айтыскерге «Халық ақыны» атағы берілгендігі туралы Жарлықты оқыды.

Әрине, жаңалықты барлығы бірдей бөркін аспанға атып қарсы алған жоқ. Кейбір ағаларымыз баспасөз беттерінде «сыр беріп» алды.

Жалпы, мен кейбір өнер адамдарының жалған мінездеріне таңғаламын. Атағы жоқтары журналистер сол жайында сұрай қалса:

– Мен атақ үшін еңбектеніп жүргенім жоқ. Маған халқымның ықыласынан асқан атақтың керегі жоқ, – деп жалған пікір туғызып жатады. Ал солардың қай-қайсысының да кішкене атақты да құшақтай аларына сенімім мол.

Ал өнердегі қызғанышқа келсек, басқаның жетістігін көргенде «түк қызғанбаймын» дегендерге сенбеймін. Біреудің жақсылығын көргенде ішінде бір от жылт ете қалмайтын жан болмайды. Бұрын да айтқам, тағы да айтам. Сол отқа су құятындар – адам, май құятындар – пенде...

– *Баяғыда Бақтыбай деген кедей ақын Тезек төренің отауының сыртынан:*

Ассалаумағалейкүм, Қашаған хан!

«Сегіз жүз сексен екі» жасаған хан.

Рахымың кодекіңе түсер болса,

Аттайтын күн болар ма босағаннан? –